



25-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТИ

**ҒЫЛЫМИ
ЗЕРТТЕУ ЖҮРГІЗУ
ӘДІСТЕМЕСІҚАТЫНАСҚА**
Еңбегіңізді жариялау





Сіз өзіңіздің жазған еңбегіңізге көңіліңіз толса және өз еңбегіңізбен көпшілікпен бөліскіңіз келетін болса, онда сіз еңбегіңізді жариялау жағын ойластырасыз. Кейбір жағдайларда жариялау міндетті болуы да мүмкін. Мысалы, докторлықты қорғау үшін белгілі бір жарияланымдарыңыз болмаса, докторлығыңызды қорғай алмайсыз. Сондықтан жазуға, ізденуге, жүйелеуге машықтанған сияқты, еңбектерді жариялауға да машықтануыңыз керек. Бір қарағанда жұмыс жақсы болса, оны жариялау қиын болмайды деген ойға қалуыңыз мүмкін. Бірақ шындығында, жариялану, баспа деген сияқты жүйелердің сіз ғылымға келмей тұрып әлдеқашан берік қалыптасып қалған жүйе екенін естен шығармаңыз. Ол өз алдына бір үлкен жүйе болған соң, ондай ойнау үшін оның шарттарын білуіңіз керек, сол шарттар бойынша ойынға қатыса аласыз. Болмаса, еңбегіңізді жариялай алмай біразға дейін жүруіңіз мүмкін. Әр жүйенің өз теткітері болатыны сияқты жарияланудың да тетіктері бар. Солардан хабардар болғаныңыз абзал.

Еңбегіңізді жазған кезде әр тарауды жеке-жеке дамытуыңыз керек. Міндетті түрде қойлатын талаптармен танысып алыңыз. Егер қандай да бір журналға мақала дайындап жатқан болсаңыз, онда сол журналдардың талаптарымен танысып алыңыз. Бұл міндетті және маңызды. Әр журналда сөз санына қатысты, мақаланың форматына қатысты, қолданылған әдебиеттер тізімін мәтін ішінде және мәтіннің соңында келтіру тәртібіне қатысты әртүрлі талаптар болады. Егер нақты бір журналды таңдап қойған болсаңыз, бірден сол журналдың талаптарына сала отырып жазыңыз. Бұл сіздің уақытыңызды үнемдейді. Ал егер диссертация немесе диплом жазып отырған болсаңыз, арнайы веб-сайттарда немесе кітапханаларда келтірілетін, білім және ғылым министрлігі бекіткен немесе университет ауқымында бекітілген талаптармен танысып шығыңыз және сол талаптар бойынша жұмыс істеңіз.

Беткі жағы

Кез келген зерттеу жұмысының кіріспесінде міндетті түрде келтірілетін бөліктер болады. Соларды дұрыстап құрастыра алуыңыз аса маңызды. Өйткені көп жағдайда сол алғашқы бетте келтірілген жазбаларыңызға қарап, сіздің жұмысыңыз туралы жалпы баға беруге болады.

Әдетте, ол жерде мына нәрселер қамтылады: Тақырып, Қорытынды/абстракт, зерттеу сұрағы/гипотезасы, Кіріспе/Негіздеме, Мақсаттар/міндеттер, Зерттеуге шолу, Әдебиетке шолу, Шығу тарихы, Әдістеме, Әдістер, Шектеулер/шекаралар, Этикалық жағы/қабылдану процедуралары

Соңғы жағы

Осыдан кейін жұмыстың соңғы жағына мән беріңіз. Жұмыстың соңғы жағында әдетте нәтижелер мен қорытындылар келтіріледі. Кейде ұсыныстар да берілуі мүмкін. Оларға қойылатын талаптар мынадай: Нәтижелер, Талқылануы, Қорытынды, Ұсыныстар, Қолданылған әдебиеттер тізімі.

Бірінші драфтіден соңғы драфтіге

Өткен дәрісте атап өткенімдей бірнеше рет драфтілеуге дайын болуыңыз керек. Осы процесті жеңілдету үшін пікір айтушыларды іздеңіз және олардың пікірін қолданыңыз.

Пікір айтушыны да дұрыс таңдай білу керек. Барлық адамдардың сіздің еңбегіңізді оқып отыруға уақыты болмауы мүмкін. Сондықтан осы қиындықты да ескеріңіз. Пікір айтушы адамның нақты не нәрсеге қатысты пікірді естігіңіз келетінін нақтылап айтыңыз. Мысалы, әдіс бойынша ма, жоспар бойынша ма, тақырып бойынша ма, жоқ әдебиеттерге шолу бойынша ма, немесе емелілік қателер мен сөйлемдердің құрастырылуына мән беру керек бола ма. Сіздің жұмысыңызды әртүрлі жағынан тексеру керек болады. Және бір пікір білдіруші бір жағынан қарауда мықты маман болғанымен, басқа жағына келгенде онша жақсы емес болуы мүмкін. Тура сол сияқты редакторлар жұмысыңыздың мазмұнына дұрыс баға бере алмауы мүмкін, бірақ дәл редактор байқай алатын қателіктерді ешбір профессор да көре алмауы мүмкін. Яғни жұмысыңызды тексеруге бергенде нақты ол адамға нақты қандай мақсатта беріп отырғаныңызды өзіңіз үшін бірінші анықтап алыңыз. Пікір берушілердің пікірін алған кезде міндетті түрде олардан сіз оқып отырғанда ойыңызға қандай сұрақтар келді? Қандай сұрақтың жауабын таба алмадыңыз? Қандай сұрақтың жауабы сізге түсініксіз болды деген сияқты сұрақтарды қойыңыз. Және олардың жауабына қарай ескермей қалған сұрақтардың жауабын қосып отырғаныңыз дұрыс болады. Сондай-ақ сізге пікір берушімен келіскенде уақыт жағын да нақты анықтап алыңыз, мысалы маған бір айда қарап берсеңіз дұрыс болар еді деп немесе 2-3 айдай уақытым бар деген сияқты. Әдетте ғылыми зерттеулер көлемді болатын болғандықтан, оны оқуға айтарлықтай уақыт жұмсау керек болады. Ал тексеруші мамандар



көбіне жауапкершілігі көп мамандар болғандықтан, уақыт жағынан шектеулі болуы мүмкін. Сондықтан 1 күн немесе 1 апта қалғанда маған осыны 2-3 күнде оқып бересіз бе, маған сондай терең талдау керектігі жоқ, тек бір қарап шықсаңыз болды деген қарым-қатынас сіз туралы жақсы пікір қалыптастырмайды және шын мәнісінде сіз бұндай жолмен орынды пікірді ести де алмайсыз. Кейбіреулер басақалардың пікірін естуге қорқып, жұмысын ешкімге тексертуге бермей жүре береді. Бұл дұрыс емес. Өйткені, оны шегергеннен еш пайда жоқ. Керісінше, әлсіз жерлеріңізді мүмкіндігінше ертерек анықтап алып, солармен ертерек жұмыс істеп бастау дұрыс болар еді. Ең дұрысы егер сіздің еңбегіңізді біреу қызыл шимақпен шимақтап, әрбір қателігіңізді анықтап көрсетіп бергені. Өйткені, тек сондай талдау ғана тексеруші өз ісіне жауапкершілікпен қарап, жұмысыңызды мұқият, тыңғылықты түрде тексеріп шыққанын көрсетеді. Бірақ, біз пенде болған соң әдетте ондай сын-пікірге онша көп дайын бола бермейміз. Өйткені, біз оны жазуға сонша уақытымызды және күшімізді салғандықтан, ол жұмыстың кемшіліктерін көре алмаймыз. Ең дұрысы қанша қиын болса да, сол кеңестерге құлақ асып, еңбегіңізді қайта драфтiлеу болар еді. Бірақ, кей жағдайда сіздің жұмысыңызды тексерген адаммен келіспейтін тұстарыңыз да болуы мүмкін. Ондай жағдайлар жиі болып тұрады. Егер сондай жағдаймен бетпе-бет келіп қалсаңыз, сізде екі жол бар. Біріншісі жетекшіңіздің пікірімен келісіп, соған сай өзгертулер енгізу. Себебі жетекшіңіз, бірнеше шәкірт тәрбиелеп шыққан адам болған соң, және комиссия мүшелері неге мән беретінін жақсырақ білетін болғандықтан және не нәрсе дәл қазіргі уақытта өзекті екенін сізден көбірек хабардар болғандықтан, тәжірибелі маманның кеңесіне құлақ асасыз. Екінші жол өз қалауыңызша жазып, бірақ егер жетекшіңіз айтқан сындарды комиссия мүшелері айтқан жағдайда өзіңізді қорғай алатын дәйектер айта алатындай болып дайындалыңыз. Екінші жолмен жүру қиындау болуы мүмкін. Бірақ қайсысын таңдайтыныңыз өз еркіңізде. Драфтiлермен жұмыс істегенде қандай сұрақтар қою дұрыс екенін оқулықтан толығырақ қарап білсеңіз болады.

Бірінші драфтiңізбен жұмыс істегенде мына сұрақтарды ескеріңіз:

- Бұл түсінікті ме? Қисыны келіп тұр ма? Құрылымын ауыстыруым керек пе?
- Менің қолданып отырған “даусыммен” өзімді ыңғайлы сезінемін бе?
- Маған көбірек материалдар/идеялар керек пе – немесе мен тарауларды қайта-қайта қайталап тұрғаным жоқ па?
- Мен жалпы дәлелдерге көңілім тола ма, және олар көрсетілген бе?
- Әрбір тарау немесе бөлімнің анық әрі түсінікті ойы немесе дәлелі бар ма?
- Мен сын-пікірді іздедім бе және оған жауап бердім бе?

МЫҚТЫ ПРЕЗЕНТАЦИЯ ЖАСАУ

Мықты презентация жасау да ғылыми жұмыстың маңызды бөлігі. Көп студенттер осы жерге келгенде қателіктер жіберіп жатады. Өйткені, көбісі пауэр пойнт презентациясына саламын да қатарынан зырлдатып, оқып айтып шығамын деп ойлайды. Осылай олар презентацияға салынатын негізгі күшті пауэр пойнт бағдарламасына жүктеп қояды. Шындығында презентацияны жасаушы сіз екені, ал компьютер сізге тек көмекші екенін естен шығармаңыз. Презентация жасауда жіберілетін негізгі қателіктер мынадай: біріншіден, көп сөздер. Презентацияның еш слайдында көп сөз болмауы тиіс. Егер сіз көп сөз сөйлеуді жоспарлаған болсаңыз, онда әр ойыңызға байланысты негізгі бір сөзді немесе сөз тіркесін ғана презентацияға слайдқа салыңыз. Ал айтатын сөздеріңізді слайдқа салып, оны сол жерде оқып тұрудың қажеті жоқ. Слайдтың мақсаты беретін ақпаратты мейлінше жеңілдету. Слайдтан керемет оқытыныңызды көрсету үшін емес, презентация барысында адамдардың негізгі назары слайдтарда емес, сізде болуы тиіс. Екінші кеңес қаріптеріңіз оқуға жеңіл болатындай үлкен болуы тиіс. Кішкентай-кішкентай қаріптермен жазылған мәтіндерді ешкім де оқып отырмайды. Түстердің өзара үйлесіміне мән беріңіз. Слайдтарыңыз тым түрлі-түсті, не тым ауыр түсті тондармен берілмесін. Одан соң, визуалды эффектiлерді де шектен тыс қолдануға болмайды. Оларды мүлдем қолданбау тағы да дұрыс емес. Тағы бір ескеретін жайт, ешқашан тыңдармандарға арқаңызбен тұрмаңыз. Немесе басыңызды төменге салбыратып, болмаса қолыңызды қалтаңызға салып тұрмаңыз. Бойыңызбен слайдты жауып тастамаңыз. Сіз үнемі слайдтың шетінде тұрып, тыңдармандарға қарап тұруыңыз керек. Презентация жасауда келесі бетке ауыстырумен әуре болып, жұмысыңызды бөліп тастамаңыз, сізге біреудің слайдтарды ауыстырып отыруға көмек беруін сұраңыз. Бейвербалды ишаралар туралы ұмытпаңыз. Тым көп қолыңызды ары-бері сермей бергеніңіз немесе орынсыз шашыңызды қайыра беруіңіз, болмаса, тамағыңызды тым жиі қырынуыңыз осының бәрі тыңдарманның жүйкесіне тиюі мүмкін. Олар мынау тезірек бітсе деген оймен отырады. Сондай-ақ мүлдем



Кітап: Ғылыми зерттеу жүргізу әдістемесі

Дәріс: Еңбегіңізді жариялау

ым-ишараларды қолданбаған да дұрыс емес. Монотонды әңгімелемеуге тырысыңыз. Сөзіңізді бастағанда бірден тыңдармандардың көңілін аулап алуға тырысыңыз. Тыңдармандармен байланысты үзіп алмаңыз, сіз өз алдына, олар өз алдына болып қалмасын. Олармен байланысты үзбеу үшін көзбен көз түйістіруді, кейде оларға сұрақ қоюды немесе мүмкіндік болып тұрса, жеңіл қалжың араластыруды қолданыңыз. Бұның бәрі сіздің ауыр ғылыми тақырыбыңызды жеңіл түрде жеткізуге көмектеседі. Презентацияны жасағанда сіз де іштей, тезірек бітсем екен деп, тек құтылу үшін ғана жасаманыз, бұл сіздің ауыр еңбегіңіздің нәтижесі болғандықтан, оны таныстыруға құлшыныс көрсетіңіз, өзіңіз сол ойдан шабыт алуға тырысыңыз. Сол кезде презентацияңыз әлдеқайда қызық болады. Сіздің ішкі сезімдеріңіз презентацияның жалпы басқа адамдарға берілуіне тікелей әсер етеді.

Мықты презентацияның элементтері:

- Біліктілік және білім,
- Өзіңіз білетін нәрсенің бәрін оларға айтып беруге тиіс емессіз!
- Сіздің міндетіңіз аудиторияңызға не керек екені туралы біраз аялдап, ойланыңыз,
- Әңгімелеу Сіздің күшіңіз,
- Адамдар адамдардан рухтанады.
- Аудио-визуалды көмектер, сізді алмастырмауы керек.

Ең жақсы презентацияларды көргіңіз келсе, TED Talk атты презентацияларды қарап шығыңыз. Сол жерден ең қызықты презентацияларды көріп, өзіңізге керекін алсаңыз болады. Олардың біршама бөлігі осы open.kz платформасында қазақ тіліне аударылған.

ЖҰМЫСЫҢЫЗДЫ ЖАРИЯЛАУ

Жұмысыңызды жазып болған соң, оны жариялау туралы ойланыңыз. Оның бірнеше жолдары бар:

1. Конференцияларға қатысу,
2. Презентация жасау және
3. Журналдарға тікелей жариялау.

Конференцияларға қатысу деген бас кезінде қорқынышты сияқты болып көрінуі мүмкін. Бірақ, шын мәнісінде сіз конференцияларды сынақ ретінде емес, мүмкіндік ретінде қарағаныңыз дұрыс. Өйткені конференцияға барған кезде сіз өз салаңыздағы ең мықты мамандармен танысасыз, өз салаңыздағы мамандар арасында таныстарыңыз көбейеді, олардың қазір немен тыныстап жүргенін, қандай тақырыптарды зерттеу өзекті екенін, қай ғалым несімен белгілі екенін, былайша айтқанда өз салаңызға қатысты еш жерде айтылмайтын жаңалықтардан хабардар болып жүресіз. Және презентацияңыз жақсы болып жатса, өз-өзіңізді солардың арасында жарнамалайсыз. Болашақта бұл сізге жақсы жұмыс орындарына орналасуға мүмкіндік беруі мүмкін. Презентация жасауға машықтаныңыз, қиын болса да, соған үйрену керек екеніне көндігіңіз және машығыңызды арттыру үшін мүмкіндігінше көбірек презентация жасайтын мүмкіндіктерді пайдалана біліңіз.

Жариялану

Жариялануға келгенде біраз жақсы кеңестер мынандай:

1. Сіздің арнаңызбен тікелей байланысты ғылыми журналдарды табыңыз, Жариялану нұсқаулығымен танысыңыз және сол бойынша жүріңіз.

2. Сізбен хабарласу жолдарын қоса алғанда барлық маңызды ақпаратты қамтитын кәсіби таныстыру хатын жазыңыз, Өзіңіздің қосқан үлесіңізбен және оның кеңірек ғылыми ландшафтта қайда орналасатынымен бөлісіңіз, егер сізден сын-пікір жазуға ұсыныс білдіруді сұраса, бұл мүмкіндікті жіберіп алмаңыз. Бұл мүмкіндікті қолданыңыз. Сіздің ғылыми жетекшіңіз осы орайда жақсы таныс болуы мүмкін, сын-пікіріңізді алған кезде ұзақ дем алыңыз, қайтадан жариялануға тапсырарда сын-пікірде қарап шығыңыз да, соған сәйкес әрекет етіңіз.

Гранттарға беру

Жарияланған соң келетін тағы бір кезең бұл гранттарға беру. Гранттарға беру сіздің ізденісіңізді құны бар тауарға айналдырады. Егер ұсынып отырған тақырыбыңыз қызықты, өзекті болса, онда гранттарды жеңіп алып, ары қарай ғылыммен айналысуыңызды жалғастыра аласыз. Гранттарға тапсырғанда мына нәрселерді ойлаған дұрыс: сізде жақсылап ойластырылған зерттеу тақырыбы, сұрағы және жоспары



Кітап: Ғылыми зерттеу жүргізу әдістемесі

Дәріс: Еңбегіңізді жариялау

бар ма; сізге қаражат не үшін керек; сіздің жобаңыз жалпы грант схемасының ауқымына қалай келіседі; бұрынғы тапсырғандарды көре аласыз ба; мықты топ құрай аласыз ба; тапсырған жұмысыңызға сын-пікір ала аласыз ба; тапсыратын уақытқа үлгере аласыз ба; және қабылданбаған жағдайда оны қайта қарап, оны қайта тапсыра аласыз ба.